

**Мамандық бойынша тест: 1 - пән Археография**

1. Жарияланымдағы құжаттың жіберілуі (отпуск документа) дегеніміз:

- A) құжаттың жіберушіде қалатын және түпнұсқамен бір уақытта көшірме ретінде жасалып, бекітілетін шығыс құжаттың толықтай көшірмесі
- B) ұйымда шығыс құжаттың орнына қалдырылатын көшірме
- C) түпнұсқа
- D) мәтінді түзеу/ құрастырудың бір түрі/нұсқасы
- E) толықтай редакциядан шыққан, белгілі үлгіге сай рәсімделген ресми құжат
- F) құжат бөлігінің көшірмесі
- G) түпнұсқаның жоғалуына байланысты берілген құжаттың екінші экземпляры
- H) түпнұсқалық құжаттың барлық ақпаратын және оның барлық сыртқы белгілерін немесе олардың кейбірін көрсететін, заңдық күші жоқ құжат

2. Құжаттардың басылымдық жұмыстарын реттейтін нормативтік – әдістемелік құжаттар:

- A) «Ұлттық Архив Қоры және архивтері» ҚР Заңы (1998 ж.)
- B) «Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңы(2015 ж.)
- C) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР Заңы
- D) «Ұлттық архив қорының құжаттарын жариялау ережелері» (2011 ж.)
- E) «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы ҚР заңы (1999 ж.)
- F) «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңы (1999 ж.)

3. Археография нысаны мен пәніне қарай мынадай арнайы пәндермен байланысады:

- A) Өлкетану
- B) Деректану
- C) Архивтану
- D) Археология
- E) Тарих
- F) Тарихи география
- G) Этнология
- H) Мәтінтану

4. Оренбург Ғылыми Архивтік Комиссиясының негізгі жұмыс түрлері:

- A) архив курстарын жүргізу
- B) архив кадрларын дайындау
- C) әдістемелік құралдарды сараптамадан өткізу
- D) еңбектер жариялау
- E) істердің тізімдерін қарастыру
- F) архив қызметкерлерінің съезін өткізу
- G) архив істерін реттеу

5. «Археография» терминін XIX ғасырдың екінші жартысында ғылымға енгізген ғалым:

- A) П.С. Строев
- B) Н.А. Полевой
- C) В.И. Даль
- D) Н.Ф. Кошанский
- E) И.Я. Бердников
- F) Н.В. Калачов
- G) Е. Тарле

6. 1920 ж. бастап бүгінгі күнге дейін тарихшы-архивист және археограф кадрлары келесі оқу мекемелерінде даярланды:

- A) Мәскеу археологиялық институтта
- B) РҚФСР Орталық архивінің архив курстарында
- C) Ресейлік мемлекеттік гуманитарлық университетте
- D) Мәскеу мемлекеттік университетте
- E) Әулие Владимир атындағы Киев университетінде
- F) Петербур (Петроград) археологиялық институтта
- G) Мәскеу тарихи- архивтік институтта

7. 1920 жылдары идеологиялық жағдайларға қарамастан жемісті археографиялық қызмет атқарған алғы шептегі партиялық-мемлекеттік ғылыми орталықты белгілеңіз:

- A) Петербургтік археологиялық институт
- B) Халық ағарту комиссариаты
- C) Мемлекеттік басылым
- D) Оренбург Ғылыми Архивтік Комиссиясы
- E) Партия тарихының архивы (Истпарт)
- F) Бас Архив Басқамасы
- G) Ленин институты

8. Ғылыми-көпшілік типтегі басылымдар арналған:

- A) тарихи құжаттар мен ғылыми-анықтамалық аппараттың кешенінің толықтығын ашып көрсету үшін
- B) ғылыми зерттеулерге
- C) зерттеушіге құжаттардың толықтай мәтіндерін жеткізу үшін
- D) білім алушылардың оқу бағдарламасын тереңірек қамтуы үшін
- E) тарихи білімдерді тарату үшін
- F) жарияланған құжаттардың орнын басқа тарихи деректер арасына орналастыру үшін
- G) тарихи құжаттарды қолжетімді қылуға бағыттау

9. Тақырыптық жарияланымдағы саяси басылымдарға жататын құжаттардың жинақтары:

- A) «Чрезвычайный комиссар» (2007)
- B) «История Отечества в судьбах его граждан: сборник автобиографий. 1922-1960 годы» (2005)
- C) «Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.) » (1997)
- D) «Наркомы Казахстана 1920-1946 гг. » (2007)
- E) «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33 гг. » (1998)
- F) «Страницы трагических судеб. Сборник воспоминаний жертв политических репрессии в СССР в 1920-1950-е гг. » (2002)
- G) «Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. » (1998)

10. Архивтің анықтамалық-ақпараттық бөлімі тұрады:

- A) архив құжаттарынан
- B) архивтану және аралас ғылымдар бойынша нормативтік-әдістемелік әдебиеттерден
- C) архив қызметкерлерінің қолжазбаларынан
- D) ғылыми-техникалық құжаттамадан
- E) сирек кездесетін кітаптар қорынан
- F) кинофотодыбыс құжаттарынан
- G) архив ісі, құжаттану және археография мәселелері бойынша жарияланбаған материалдардан
- H) анықтамалық әдебиеттен